

Сабактың мақсаты:

· Арсыздық сияқты қасиеттерден жирендіріп, қайырымдылық, достық, адамгершілік ізгі қасиеттерді үлгі ету;

· Автордың айткысы келген пікірін айқындан, Қожага мінездеме беру;

· Повестегі кейіпкерлердің іс-әрекетіне орай салыстыру және баға беру.

Сабактың көрнекілігі:

- Бердібек Соқпақбаевтың шығармалар жинағы, жылжымалы тақта, “Менің атым Қожа” кинофильмінде Қожаның ролін ойнаған Нұрлан Сегізбаевтың суреті.

- **Сабакты кіріспе сөз сөйлеп бастадым.**
- Оқушылар, біз “Менің атым Қожа” повесімен таныстырық. Енді осы сабактың қорытындысы ретінде театрланған пікірталас сабағын бастаймыз. Бұл сабак әдеттегіден өзгеше. Себебі: бүгін біз ескі және жаңа фильмдерден үзінді көреміз және көрініс көреміз. Біз бір сәт өзімізді жиналыста отырмыз деп есептейік. Жиналысқа Қожаны салмақпаз. Бұған Қожаның анасы мен әжесі, мұғалімдері, сыныптастары келіп отыр. Енді берілген тапсырманы роль бойынша бастайық.
- Майқанова (сынып жетекшісі).
 - Мен Қожа оқитын сынныптың сыннып жетекшісімін, әрі қазақ тілі мен әдебиетінен сабак беремін. Менің ойымша, Қожа-тәртіпсіз бала. Себебі үлкенді сыйлап, кезекке тұрғысы келмейді, сынныптасты Жантасқа тиседі, сабакқа әзірленбейді. Ол, ол ма? Тіпті сумкама бақа салуға дейін барды. Бүгін Қожаның тәртібін талқыла салып, бір жағына шығаруын сұраймын. Әжесі, сіз немереніз туралы не айтасыз?

Әжесі- Қарағым, не айтайын, әкесі соғыстан оралмады. Сіздің айтқаныңыз әдейі жасалмаған болар. Баланың бір балалығы деп қарасаңыз е肯.

Майқанова – Анасы не айттар еken?

Қожаның анасы - Баламның тәртіпсіздігі үшін мені жұмыстан шақыртып отыр. Бұл не сұмдық, ел бетіне қарағысыз етіп отыр. Тынып жүрмейді еken, оқудан шығарындар. Кетсін қаңғып. Менің де жүйкемді құртып біttі. Бар айттарым осы.

Анфиса Михайлова – Қожа сіздер түңілетіндей соншалық сотқар бала емес. Рас, аздалап сабакқа кешігіп келеді. Бірақ сабагына дайындалып жүреді. Жантасқа тиседі дейсіздер, оған Жантастың өзі кінәлі. Орнында тұрып кітаптан оқып беріп мені алдамақ та болды. Ал, Қожаның бойынан бұндай қулықты байқаған да жоқпын.

Сәйбек қарт - Қожаның әкесі Қадыр марқұм парасатты, ақылды жігіт еді. Колхоздасқан жылы әкең Қадырдың күрең жорғасын сазға батырып өлтіріп алдым. Сонда әкең: “Сіз әдейі өлтірген жоқсыз фой, ажалға амал бар ма”-деп еді. Ал, сен Қожа, ақымақсың. Неге дейсің фой? Тәртіпті бол, жақсы оқы, адам бол десе сендер соның бәрін кері істейсіндер.

Майқанова – Ал, Қожа сен не дейсің?

Қожа - Тәртіпсіздік адамды жексүрын етіп көрсетеді екен. Енді ешқандай тәртіпсіз болмаймын. Үлкенді аға, кішіні іні деп сыйлаймын. Осы тоқсанның ішінде озат окушының қатарына қосылуға тырысамын. Себепсіз сабактан қалмаймын, үйге берілген тапсырманы мезгілінде орындаімын. Ешкімге тиіспеймін. Егер тәртіпсіздік жасасам, өзімді дер кезінде жазалап тұрамын деп, уәде беремін.

Осы көріністен соң төмендегі сұрақтарды бердім.

ПЫСЫҚТАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. «Менің атым Қожа» фильмі қай жылы және қай фестивальде арнайы жүлдеге ие болды?

1967 жылы француз қаласы Канныда Халықаралық балалар және жасөспірімдер фильмдері фестивалінде

2. Осы кітап әлемнің қай тілдеріне аударылған?

Украин, латыш, литва, молдован, өзбек, француз.

3. Мәтіннен «Қара қожа» атты баланы суреттеген үзіндіні тауып оқындар

4. Сыныптағы Қожаға ұнайтын қыздың аты кім?

Жанар

5. Майқанова мен Қожабергеннің арасындағы кикілжің қай кезден басталды?

6. Қожа мен Жанар не үшін ренжісіп қалды?

Дойбы ойыны үстінде.

7. Қожа темекі шегуді кімнен үйренді және ол немен аяқталды.

Сұлтаннан, басы айналып, ат үстінен құлады.

8. Сұлтан Жұмағұлдың үйінен не үрлады?

Қаракөл терісін.

9. Педкеңестің алдында Сәйбек қарт Қожаға кім туралы не айтып берді?

Әкесі туралы.

10. Қожа өзінің құпия кеңесінен кейін қандай шешім қабылдады?

5-шешімнен тұратын қаулы.



Жаңа фильм мен ескі
фильмдерден үзінді.

Қожа мен Жантасқа мінездеме

ҚОЖА

ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

ЖАНТАС

● Ақкөңіл

Адал

Ақылды

Мейірімді

● Ұл бала

● Сыныптас

● Оқушы

Ку

Сабакқа
дайындықсыз келеді.

Сыбырлау арқылы
көмек алады.

TECT СҮРАҚТАРЫ

1.Бас кейіпкердің толық атын атаңыз.

- A. Қара Қожа**
- Б. Сары Қожа**
- С. Қожаберген**

2.Қара Қожа атты баланың оқитын сыныбын, жасын, бойын көрсетіңіз?

- A. 140 см, 13 жас, 6 сыныпқа өткен**
- Б. 139 см, 12 жас, 5 сыныпты бітірген**
- С. 150 см, 14 жас, 6 сыныпты бітірген**

3.Қожа болашақта кім болуды армандаған?

- А. Космонавт-ұшқыш**
- Б. Жүргізуі**
- С. Жазушы**

4.Қожабергенге не себепті пионер лагеріне жолдама берілмеді?

- А. Жолдама жетпей қалды.**
- Б. Оның тәртібі нашар.**
- С. Ол ауырып қалды.**

5.Мұғалім сабак сұрағанда, қу Жантастың құлағы неге ұқсайды.

- А. Саңырау құлаққа**
- Б. Иттің құлағына.**
- С. Қалқан құлаққа.**

6. Қожабергеннің көп айтатын сөзі?

- A. Мешкей**
- B. Ақымақ**
- C. Мақтаншақ**

7. Қожаның жаңа портфелінің түсі қандай еді?

- A. Сары**
- B. Қара**
- C. Қоңыр**

8. Қожаның сыныптастары арасында досы көп пе, әлде қасы көп болған ба?

- A. Досы көп**
- B. Қасы көп**
- C. Екеуі де бірдей**

9. Қожабергеннің осындай болуына кім кінәлі?

- A. Сугуров Сұлтан**
- B. Өзі**
- C. Әжесі мен анасы Қожага аз көңіл бөлген.**

10. Құпия кеңес неше сағатқа созылды?

- A. Бір күн**
- B. 3 –сағат**
- C. 1- сағат**

ТЕСТТИҢ КІЛТИ

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
C	V	C	V	C	A	A	C	V	C

«5»-10 дұрыс жауап

«4»-8-9 дұрыс жауап

«3»-6-7 дұрыс жауап

ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

Тақырыбы: *Менің атым Қожса.*

Авторы: *Бердібек Соқпақбаев.*

Кейіпкерлер	Негізгі оқиға	Мінездеме